

«Бекітемін»

Мектеп директоры: *Ж.Утебаева* / Утебаева Ж.К

« *01* » *09* 2023 ж.



**«Жалпы білім беретін Шахта мектебі» КММ
психологиялық қызмет бойынша 2023-2024 оқу жылына
арналған жылдық жоспары**

Педагог – психологтар: *М.Сарғұл* Сарғұл Ж.К
А.Отебаева Отебаева А.К

2023-2024 оқу жыл

Психологиялық қызметтің мақсаты —білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) ақпараттық қоғамның жылдам дамуы жағдайында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3) тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) білім беру үдерісі қатысушыларының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

Жұмыс барысында басшылыққа алатын құжаттар:

- Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы
- Бала құқықтары туралы Конвенция;
- ҚР «Неке және отбасы туралы» Кодексі;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (2023 жылғы 17 наурыздағы № 68)
- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдық үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығы (№ 186 бұйрығы)
- Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы; (№ 186 бұйрығы)
- Балаларды зорлық—зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар;
- Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы
- Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы 2022 жылғы №6 бұйрығы

I. Диагностикалау

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1	1.«Керн-Йирасек» әдістемесі 2.«Оқу мотивациясын анықтау» (Н.Г.Лусканова) 3.«Оқуға деген эмоционалды қатынасы мен мотивациясын анықтау» (А.Н.Андреева - Спилбергер)	Тест Тест Саулнама	1-сынып 5-сынып 6,7-сынып	Қыркүйек-қаңтар Қыркүйек Қыркүйек		Анықтама, мониторинг
2	1.«Депрессия деңгейі» (ЮНИСЕФ бағдарламасы бойынша) 2. «Жетістікке жету мотивациясы» (Т.Элерс) 3. «Мінез акцентуациясы» Н.Шмишек 4. «Депрессия. Невроз. Стреске төзімділік» 5. Л. Йовяйшидің белгілі бір мамандыққа бейімділігін анықтау әдістемесі (Г.В. Резапкинаның модификациясы)	Саулнама Тест Саулнама Тест Саулнама	8-сынып Жас маман 10-сынып 11-сынып 9,11 сыныптар	Қазан Қазан Қазан Қазан		Анықтама
3	1.«Филипстің мектепке үрейлену деңгейін саралау әдістемесі » 2. «САН» әдістемесі 3. «Тағдыр сақшысы» ЮНИСЕФ бағдарламасы бойынша 4. «Мінез акцентуациясы» Н.Шмишек	Тест Әдістеме Саулнама Саулнама	6сынып 9сынып 8сынып 10сынып	Қараша Қараша Қараша Қараша		Анықтама Анықтама Анықтама Анықтама
4	1. «Үй.Адам.Ағаш»	Проективтік тест	2-4 сыныптар	Желтоқсан		Анықтама, мониторинг
5	1.«Танымдық процестерді зерделеу» баланың мектепке дайындығын тексеру	Тест	МАД тобы (1-сыныпка қабылдау)	мамыр		Анықтама

II. Түзету-дамыту жұмысы

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	«Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы»	тренинг	Сынып жетекшілер	Қыркүйек		Ақпарлама
2.	«5-сынып дегеніміз не?»	тренинг	5-сыныптар	Қазан		Ақпарлама
3.	1.Мектептегі зорлық-зомбылықтың және каталдықтың алдын алу әдістері 2. Қорқыныш сезімінен арылуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар	Топтық жұмыстар, Ата-ана жиналысы Топтық жаттығулар	5- 7 сыныптар 1-4 сыныптар	Қараша		Ақпарлама Ақпарлама
4	«Менің шұғылалы әлемім»	тренинг	Педагогтар	Қаңтар		Ақпарлама
5	Оқушылардың тіл табыса алуы мен қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін арттыру	Топтық тренингтер	6-7 сыныптар	Қаңтар-ақпан		Талдау жасау
6	Зиянды әдеттерден арылудың алдын алу	Топтық жаттығулар, кеңестер (қажетті жаңдайда)	6-11 сыныптар	Уақытында		Ақпарат, талдау
7	Білім сапасын көтеру мақсатында оқушылармен психологиялық жаттығулар (Үлгермеуші оқушылармен)	Тренинг жаттығулар, кеңестер	1-11 сыныптар	Әр тоқсанда		Талдау, ақпарлама
8	Қол моторикасын дамыту жаттығулары	Топтық/жеке жұмыстар	1-4 сыныптар	Сәуір		Талдау, ақпарат

III. Профилактика және психологиялық ағарту

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	«Мектеп, оқушы, ата-ана: ынтымақтастық қырлары (Отбасы күніне орай)	дәріс сабақ, тренинг	Ата-аналар, оқушылар, сынып жетекшілер	Қыркүйек		Хаттама, Талдау, педагогикалық отырыста талқылау
2.	1.Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестері мен тұлғалық -мотивациалық аймағын дамыту 2. 10-сыныптардың бейімделуіне қолдау көрсету 3. «Мемлекеттік емтихан, БМЖБ, қорытынды аттестаттау, ҰБТ маңыздылығы қандай?»	Топтық жаттығулар Тренинг жаттығулары дөңгелек үстел, тренинг, кеңестер	3-4 сыныптар 10 сынып Ата-аналар, 9, 11 сыныптар	Қазан Қазан,сәуір		Талдау Талдау Талдау, хаттама
3.	1.«Жаңа формациядағы педагог» 2.Тұлғалық ерекшеліктерді дамыту жаттығулары	семинар-тренинг Топтық жаттығулар	педагогтар ЕББҚ оқушылар	Қараша Қараша, ақпан		Педагогикалық кеңес Талдау, мониторинг
4.	1.«Менің қалауым—менің болашағым» 2.«Көңіл- күйіңді көтеріп, қуана біл!» Аутодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алу 3.Ар-Ұят құндылығы: «Отбасындағы ата-ананың ролі»	Топтық тренингтер Топтық жаттығулар, сабақтар Тренинг, дөңгелек үстел	9-11 сыныптар 7-8 сыныптар 6-8 сыныптар	Желтоқсан		Ақпарлама, талдау Талдау, ақпарат
5.	«Жасөпірімдер арасындағы құқықбұзушылықты болдырмау»	Семинар-тренингтер	8-10 сыныптар	Уақытында		Талдау, Ақпарат
6.	1.Ерте жүктілік және жыныстық тиіспеушілік 2.Ар-Ұят құндылығы: «Ата-ананың мектептегі алатын орны"	Топтық жаттығулар Тренинг	9-сынып 11-сынып Ата-аналар	Ақпан		Ақпарат Талдау, Ата-аналар жиналысында талқылау

7.	1.«Бастауыш мектеп оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктерінің теориялық негіздері» 2.Буллинг, кибербуллингтің алдын алу 3. Педагогтарға психологиялық қолдау	Баяндама Дөңгелек үстел Тренинг	Ата-аналар 6 - 9 сыныптар Педагогтар	Наурыз		Ата-аналар жиналысы Ақпарлама Талдау
8.	1.«Менің болашақ мамандығым» 2. «Қатігездік пен тұрмыстық зорлық- зомбылықтың алдын алу»	Топтық жұмыс Тренинг	7-9 сыныптар Ата-аналар	Сәуір		Талдау, ақпарат
9.	«Қорытынды аттестаттауға білім алушыларды психологиялық тұрғыда дайындау»	Тренинг	9, 11- сыныптар	Мамыр		Ақпарлама

IV. Консультация беру

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	Әлеуметтік , психологиялық ахуалдың алдын алу	Психологиялық кеңес	Ата-аналар Оқушылар Педагогтар	Жыл бойы	кеңес беру, сұхбат	Ақпарлама
2.	1.Жас мамандарға кеңес сұраныс бойынша 2.Ерекше білімді қажет ететін оқушылар ата-аналарына «Біз біргеміз» тақырыбында кеңес беру	Кеңес беру Жиналыс, түсіндіру жұмысы	Жас мамандар Ата-аналар	Уақытында Қазан		Ақпарлама
3.	Қорытынды аттестаттауға және емтиханға дайындық бойынша психологиялық қолдау	Кеңес беру	9,11 сыныптар	Сәуір		Ақпарлама
4	4-сынып ата-аналарына кеңес	Кеңес	Ата-аналар	Мамыр		Ақпарлама

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	1.Нормативтік құқықтық құжаттарды жинақтау			Қыркүйек		
2.	1.Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасайтын мамандарға психологиялық көмек	Дәріс	Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері	Қазан		Ақпарлама
3.	1.Басқа мектептердің педагог-психологтарымен, психологиялық орталықтарымен, білім берудің әдістемелік және тәрбие бөлімдерімен, өзара әрекеттесу			Уақытында		Ақпарлама
4	1.Сынып сағаттарында психологиялық сабақтар өткізу	Психологиялық сабақ	1-11 сыныптар	Қаңтар		Ақпарлама
5	Ата-аналар жиналысы (тақырыптар бойынша)	Сынып сағаттарында	1-11 сыныптар	Ақпан		Ақпарлама
6	1. ПМПК мектеп консилиумының отырыстары	Жоспар бойынша	Сынып жетекшілер	Уақытында		Анықтама

VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрлері	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Ескертулер	Есептілік нысаны
1.	Мектеп психологының атқарылған жұмыстарының есебі	Есеп беру	0-11 сыныптар	Жартыжылдық жылдық		Аудандық ББ
2.	Зорлық-зомбылық және суицидтің алдын алу бойынша мектеп психологын ың атқарылған жұмысының есебі	Есеп беру	0-11 сыныптар	Жартыжылдық жылдық		Аудандық ББ
3.	Қауіпті сайттарға кірудің алдын алу, сенім поштасы бойынша психологтың сандық мәліметі	Есеп беру	0-11 сыныптар	Ай сайын		Аудандық ББ

**Жалпы білім беретін Шахта мектебінің
2023-2024 оқу жылы бойынша педагог-психологтарының жылдық
жұмысына
Ақпарат**

2023-2024 оқу жылын 1-11 сынып 680 оқушы, МАД сыныбын 42 оқушымен бастады. Оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен ұйымдастырылған іс-шаралар «Жалпы білім беретін Шахта мектебі» КММ-нің фейсбук, инстаграм парақшасына салынып, мектеп сайтына жүктеліп отыр. <https://www.instagram.com/shakhtamektebi?igsh=em9xd2Zja3U2ZGxs>
<https://www.facebook.com/profile.php?id=100011596277758&mibextid=bWKwL>

Мектебімізде педагог-психолог қызметі бойынша 2 психолог жұмыс атқарады.

Педагог-психолог: Сарғұл Жамал Қадірбайқызы

Педагог-психолог: Отебаева Асем Кызыкбаевна

Жұмыс барысында басшылыққа алынатын құжаттар:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы.
- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдық үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы;
- Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы «15» мамырдағы № 115 қаулысымен бекітілген «Маңғыстау облысының орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары»;
- Маңғыстау облысы білім басқармасының 08.12.2020 жылғы № 130-нқ бұйрығына сәйкес «Маңғыстау облысының орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық консилиум ережесі» 2016ж;
- Бала құқықтары туралы Конвенция;
- ҚР «Неке және отбасы туралы» Кодексі;
- ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы 2011ж
- ҚР «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың және бақылаусыздық пен панасыздықтың» алдын-алу;
 - ҚР «Білім туралы» Заңы
 - ҚР «Жемтәр балаларды әлеуметтік және медициналық логикалық түзету арқылы қолдау туралы» Заңы

Мектептегі психологиялық қызметі –

Максаты: Оқушының білім алу кезіндегі оқу дағдысын, қабілеттілігін анықтап, психологиялық жұмыстар жүргізе отырып, оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыруға психологиялық қолдау көрсету;

Әрбір баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына әсер ететін жағдайлармен қамтамасыз ету негізгі мақсаты болып табылатын білім беру жүйесіндегі арнайы сала.

Психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттары, міндеттері және оны жүзеге асыру формалары бойынша 5 бағытта жұмыс жүргізіледі.

I. Психологиялық диагностика

II. Психологиялық азарту (профилактика)

III. Психотүзету (психокоррекция)

IV. Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс (әдістемелік көмек)

Психологиялық қызмет іс-әрекетінің жылдық жұмыстарының негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық іс-шара жоспары жасалып бекітілді. Іс-шара жоспарындағы жоғарыда келтірілген бес бағыт бойынша атқарылатын жұмыстарға бөлінді.


I. Психодиагностика бағыты

Мақсаты: мектеп оқушыларының білімге, мектепке деген қарым-қатынасын анықтап, білім алуына кедергі келтіретін келеңсіз жағдайларды диагностикалау және алдын алу.

1.1-сынып оқушыларын диагностикалауға арналған әдістеме (Я.Йерасек)


Мақсаты: оқушылардың мектептік көзқарастарын бақылау, олардың білімге ынталарын, қоршаған ортаға бейімделулерін анықтау.

Қатысқан саны: 62 оқушы



5-ші сынып оқушыларының ақыл-ойы мен интеллектуалды даму деңгейін диагностикалау мақсатында 5-сынып оқушыларына ортаға бейімдеуге арналған «Оқу мотивациясын анықтау» Лусканова Н.Г әдістемесі жүргізілді.

Қатысқан саны: 84 оқушы. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың оқу мотивациясы қалыпты деңгейде. Төмен анықталған оқушылармен сұхбат жүргізілді. Сынып жетекшілеріне ескертілді.



2. «Оқуға деген эмоционалды қатынасы мен мотивациясын анықтау» Андреева А.Н, Спилбергер сауалнамасы 6-7 сынып оқушыларынан алынды. Сауалнамаға 131 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша төменде кесте түрінбе берілген.

6сынып оқушыларының қорытындысы. Қатысқан: 70оқушы

Диффузды эмоционалды қарым-қатынас	Өнімді мотивация және оқуға деген жағымды қарым-қатынас:	Мектепке деген мазасыздық:	Фрустрировті қажеттілікті өтеудегі жағымды қарым-қатынас:	Жағымсыз эмоционалды қарым-қатынас	Оқуға деген жағымды қарым-қатынас	Мектептегі зерігуді бастан кешу:
21/11оқушы 30%	37/19оқушы- 52,8%	2/2оқушы- 2,8%	2/1оқушы- 2,8%	2/2оқушы- 2,8%	1оқушы- 1,4%	5/2оқушы- 7,1 %

7сынып оқушыларының қорытындысы . Қатысқан: 61 оқушы

Диффузды эмоционалды қарым-қатынас	Өнімді мотивация және оқуға деген жағымды қарым-қатынас:	Мектепке деген мазасыздық:	Әлеуметтік қажеттіліктерде н пайда болған сабақ барысындағы шамадан тыс реніш	Жағымсыз эмоционалды қарым-қатынас	Бағалау аспектісінің жоғары сезімталдығына жағымды қатынасы	Сабақ барысында жоғары эмоционалдылық	Оқуға деген жағымды қарым-қатынас
10/5оқушы- 16,3%	38/15оқушы - 62,2%	6/6оқушы- 9,8%	2/1оқушы-3,2%	1/1оқушы- 1,6%	2/2оқушы- 3,2%	1оқушы-1,6%	1оқушы- 1,6%

Сауалнама нәтижесі бойынша мазасыздық деңгейі жоғары оқушылармен сұхбат жүргізілді. Мектептегі мазасыздық, сабақта өзін-өзі ұстай алмаушылық, жағымсыз эмоциялардың басымдылығы анықталды. Бұл оқушылармен жағымды эмоциональды қарым-қатынас жасауға тренинг-жаттығулар жүргізілді. Сонымен қатар сынып жетекшілеріне және пән мұғалімдеріне сабақ барысында сергіту жаттығуларын, жұптық, топтық тапсырмалар беру және қоғамдық жұмыстарға тарту ұсынылды.

3. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың тізімі жасақталып, жылдық жоспар құрылып 3 оқушы есепке алынып жұмыстар жүргізіліп отыр.

4. «Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту және суицидтің алдын алу» 8 сынып оқушыларынан сауалнама алу бойынша жоспар жасақталды. Сауалнамаға ата-аналар келісім берді. Сауалнамаға 60 оқушы қатыстырылды. Сауалнама нәтижесі бойынша төтенше, қауіп-қатер тобындағы оқушылар болған жоқ. Оқушылар қалыпты жағдайда.

Эмоциональдык белгілер	Мінез-құлыққа қатысты қиындықтар	Гипер белсенділік	Қатарластарым ен қарым-қатынастар	Әлеуметтік талаптарға сай емес мінез-құлық	Жалпы қиындықтар	Депрессия	Стресс	Үрей
Қалыпты -56 93,4%	Қалыпты -54 90%	Қалыпты -60 100%	Қалыпты -38 63,4%	Қалыпты -48 80%	Қалыпты -58 98,3%	Қалыпты -59 100%	Қалыпты -60 100%	Қалыпты -55 91,7%
Шекаралас -2 3,3%	Шекаралас -3 5%	Шекаралас -0	Шекаралас -20 33,3%	Шекаралас -7 11,7%	Шекаралас -0	Жеңіл -1 1,7%	Жеңіл -0	Жеңіл -2 3,3%
Ауытқу-2 3,3%	Ауытқу-3 5%	Ауытқу-0	Ауытқу-2 3,3%	Ауытқу-5 8,3%	Ауытқу-2 3,3%	Орташа -0	Орташа -0	Орташа -2 3,3%
						Ауыр-0	Ауыр-0	Ауыр-1 1,7%

5. «Жетістікке жету мотивациясы» Т.Элерс бойынша жас мамандардан тест алынды. Тестке 5 жас маман қамтылды. Жас мамандардың жетістікке жету деңгейі ортадан жоғары болып анықталды.

6. «Депрессия деңгейі» ЮНИСЕФ бағдарламасы бойынша 8 сыныптарға сауалнама жүргізілді.

Депрессия
Қалыпты -59 100%
Жеңіл -1 1,7%
Орташа -0
Ауыр-0

7. «Йоваяйшидің белгілі бір мамандыққа бейімділігін анықтау» (Г.В. Резапкинаның модификациясы) бойынша 9 сыныптардан 43 оқушы және 11 сыныптардан 18 оқушыдан мамандыққа бейімделуін анықтау әдістемесі алынды. Әдістемеге барлығы 61 оқушы қатысты. Әдістеме нәтижесі төменде кесте түрінде берілген.

9сыныптар мамандыққа бейімділікті анықтау қорытындысы. Қатысқан: 43 оқушы

адамдармен жұмыс істеу тенденциясы	зерттеу қызметіне бейімділік	өндірістегі жұмысқа бейімділік	эстетикалық әрекеттерге бейімділік	экстремалды әрекеттерге бейімділік	жоспарланған экономикалық қызметке бейімділік
10/4оқушы-23,2%	2 оқушы-4,6%	10/5оқушы-23,2%	11/7оқушы-25,5	15/8 оқушы-34,8%	8/3оқушы- 18,6%

11 сыныптар мамандыққа бейімділікті анықтау қорытындысы. Қатысқан: 18 оқушы

адамдармен жұмыс істеу тенденциясы	зерттеу қызметіне бейімділік	өндірістегі жұмысқа бейімділік	эстетикалық әрекеттерге бейімділік	экстремалды әрекеттерге бейімділік	жоспарланған экономикалық қызметке бейімділік
1/1-5,5%	1-5,5%	5/4- 27,7%	3/2-16,6%	6-33,3%	6/4-33,3%

8. 2 мен 4 сынып оқушыларынан «Адам-Ағаш -Үй» проективті тестісі алынды. Тестке барлығы 233 оқушы қатысты. 4сыныптар бойынша 85 оқушы, 3сыныптар бойынша 88, 2 сыныптар бойынша 60 оқушы қатысты. Тест нәтижесі бойынша 2 мен 4 сынып аралығындағы оқушылардың қарым-қатынас деңгейі үйлесімді қалыптасқан, жылы шырайлы, жағымды көңіл-күйлері жақсы қалыптасқан. Сонымен бірге кейбір оқушылардың мазасыздық деңгейі басым, сенімсіздігі басым, қарым-қатынаста тұйықтық танытатында оқушылар бар. Жалпы оқушылардың жасырын қасиеттері де ерекшеленіп, қиял әлемі жақсы дамаған. Қарым-қатынаста өздерін көрсете алатындықтары анықталды.

9. 10 сынып оқушыларынан «МІНЕЗДІҢ АКЦЕНТУАЦИЯСЫН АНЫҚТАУ» Шмишек бойынша әдістеме алынды. Әдістемеге 47оқушы қатысты. Әдістеме нәтижесі бойынша оқушылардың мінез акцентуациясы анықталды. Эсершіл тип бойынша 1оқушы, педантты тип бойынша 16 оқушы, демонстративті тип бойынша 10 оқушы, еліктегіш тип бойынша 1оқушы тоқыраған тип бойынша 8 оқушы, экзальттаған тип бойынша 1оқушы, 6 оқушы 2типті мінез акцентуациясымен анықталып отыр. Бұл оқушыларға өз мінез акцентуациялары таныстырылып, мінездегі кемшілік тұстарын өзі жеңуге тиісті екендіктері түсіндірілді.сонымен қатар мықты тұстарын нәтижелі пайдалануға мотивация берілді. Әр оқушымен түсінік жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне мінез типтері бойынша әдіс-тәсілдер қолдану ұсынылды.

10. Әдістеме: «Өзін сезінуі, белсенділік, көңіл-күй» әдістемесіне (САН) 9сыныптар қатысты. Әдістеме мақсаты: өзін сезінуі, белсенділігін, көңіл-күйін оперативті бағалау. Әдістемеге 43 оқушы қатысты. Әдістеме нәтижесі

бойынша 9 сынып оқушыларының 95% белсенділігі, көңіл-күйі, өзін сезінуі қалыпты және сәтті жағдайда екені анықталса, 1 оқушының 5% көңіл-күйі сәтсіз жағдайда екені анықталды. Бұл оқушымен сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында денсаулығының әлсіздігінен екені анықталды. Жалпы бұл оқушыларға жоспар бойынша сергіту-жаттығулары, тренинг-жаттығулар ұсынылды.

11. Сынып оқушыларының қарым - қатынасын анықтау мақсатында 5 сынып оқушыларынан Дж Мореноның «Социометрия» тестісі алынып, «көшбасшылар», «қалаулылар», «байқалмайтындар», «шектелгендер» анықталды. Тест қорытындысы бойынша түзету жұмыстары жүргізілді.

Зерттеудің нәтижесі бойынша анықталғаны:

Оқушы саны	Көшбасшылар	Қалаулылар	Байқалмайтындар	Шектелгендер
84	7%	73 %	20%	0

12. «Депрессия, стресс, үрейді анықтау» ЮНИСЕФ бағдарламасы бойынша 11 сыныптардан алынды. Сауалнамаға 18 оқушы қатысты.

Депрессия	Стресс	Үрей
Қалыпты -16оқушы 88,8%	Қалыпты -18оқушы 100%	Қалыпты -17оқушы 94,4%
Жеңіл - 1оқушы-5,5%	Жеңіл -0	Жеңіл -1 оқушы- 5,5%
Орташа -1оқушы-5,5%	Орташа -0	Орташа -0
Ауыр-0	Ауыр-0	Ауыр-0

11 сыныбының 16оқушысының депрессия деңгейі қалыпты, 2 оқушысы жеңіл депрессия анықталып отыр. Оқушылардың арасында стрессте жүрген оқушы жоқ. 17 оқушының үрей деңгейі қалыпты, 1 оқушы жеңіл үрейде жүргені анықталып отыр. Бұл анықталған оқушыларға тренинг-жаттығулар, нейрожаттығулар жүргізілді

13. 6сыныптарға Филипстің «Оқушылардың мектепке мазасыздығын анықтау» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға 70оқушы қатысты. Оқушылардың мектеппен байланысты мазасыздануының сипаты зерттеліп, анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша қорытындысы кестеде келтірілген.

Мектептегі жалпы мазасыздық.	Әлеуметтік стрессті уайымдау	Қажеттілікті өтеудегі сәтсіздік кедергілері	Үрейдің көрінісі. Өз мүмкіндіктерін ашпау, өзін басқаша сезіну	Білімді тексеру үстіндегі үрей	Айналасы күткен нәтижеден үрейлену	Физиологиялық тұрғыдан қарсыласудың тікменгі табалдырығы	Мұғаліммен қарым-қатынастағы үрейлену мәселесі
Қалыпты - 974%	Қалыпты - 97%	Қалыпты - 96%	Қалыпты – 86%	Қалыпты – 90%	Қалыпты – 92%	Қалыпты - 96%	Қалыпты - 93%
Жоғары - 3%	Жоғары – 3%	Жоғары - 4%	Жоғары – 14%	Жоғары - 10%	Жоғары - 8%	Жоғары - 4%	Жоғары - 7%

II. Түзету – дамытушылық бағыт бойынша

Мақсаты: Білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

1.5 сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне байланысты жүргізілген диагностика нәтижесі бойынша анықталған оқушыларға тернинг, жеке сабақтар өткізілді. « 5 сынып дегеніміз не?» тақырыбында тренинг-жаттығу жүргізілді. Тренингке 84 оқушы қатысты. Оқушылар тренингке белсенділік танытып, достық қарым-қатынас орнаған орта екені анықталды.

2. Инклюзив (ерекше білімді қажет ететін) оқушылар саны – 3 оқушы. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың арнайы мамандардан алынған анықтама қағаздары бар. Бұл оқушылармен үнемі белгіленген кесте бойынша аптасына 2 рет әр түрлі әдістемелік тапсырмалар, психологиялық дамыту, түзету жұмыстары жүргізіліп отырады.

3. «Жасөспірімдердің физикалық –психикалық денсаулығын нығайту» мақсатында 8 сынып оқушыларына «Психикалық денсаулық дегеніз не?» сұрақтар төңірегінде психологиялық сабақ өткізілді. Оқушыларға психикалық денсаулықтың маңыздылығын түсіндіре отырып, өздерінің сезімдерімен ойларына назар аудара білуді, түсіне білуге, қабылдауға ақпараттар берілді.

4. «Қорқыныш сезімінен арылу және өз-өзіне деген сенімділікті арттыру» тақырыбында тренинг- жаттығулар жүргізілді. Мақсаты оқушылардың бойынан қорқыныш сезімдерінен арылту. Тренингке 294 оқушы қамтылды.

«Жеткіншектердің тұлғалық ерекшеліктерін дамыту және түзету жаттығулары» 6-8 сынып арасынан 256 оқушы қатысты. Мақсаты: Өзін-өзі одан әрі ашу, өзін-өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту. Өзінің және өзгенің даралығын бағалау, өзін-өзі құрметтеу арқылы көңіл-күйді көтеру, сезім мен эмоцияны реттеу.

5. «Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы» тақырыбында мұғалімдерге тренинг жүргізілді. Тренингтің мақсаты мұғалімдердің эмоциялық көңіл-күйі, ортадағы орны, әріптестік қарым-қатынас жарасымдығы байқалды. Тренингке 18 мұғалім қамтылды.

«Менің шұғылалы әлемім» тақырыбында ұжымға тренинг жүргізілді. Тренингтің мақсаты адамдардың бір - бірімен қатынасын оңтайландыру, өзара іс - әрекет дағдыларын дамыту, басқалардың пікірі, көзқарасымен санаса білу, жеке басты демалдыру арқылы өзіндік талдау жасауын қалыптастыру. Тренингке 25 мұғалім қатысты.

6. Мектептегі зорлық-зомбылықтың және қаталдықтың алдын алу мақсатында «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында ата-аналарға тренинг өткізілді. Тренингке 45 ата-ана қатысты.

7. Оқушылардың ББЖМ-ға дайындық кезіндегі сенімділігін, мінез-құлық, эмоциялық дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, оқу-танымдық қабілеттерін арттыру . тренинг-жаттығуларға 79 оқушы қамтылды.

8. Оқушылардың тіл табыса алуы мен қарым-қатынас жасай алу қабілеттерін арттыру мақсатында 6-7 сынып оқушыларына жүргізілді. Барлығы 128 оқушы қатысты.

9. Зиянды әдеттерден арылу мақсатында 5-11 сынып оқушыларына ақпараттық-дәріс жүргізілді. Зиянды әдеттердің денсаулығына пайдалы еместігін, жағымды әдетке әуес болу керектігі айтылды.

10. Білім сапасын көтеру мақсатында үлгермеуші оқушылармен тренинг-жаттығулар жүргізілді. Тренингке үлгермеуші оқушылар топтық, жеке жұмыстар арқылы танымдық қабілеттерін арттыра алды. Нейрожаттығулар жүргізілді.

III. Психопрофилактикалық және ағартушылық бағыт бойынша

Мақсаты: Психологиялық ағарту жұмыстары арқылы оқушылардың өзіндік тұлғалық дамуымен адамагершілік қасиеттерін қалыптастыру.

1. «Мектеп , оқушы, ата-ана: ынтымақтастық қырлары » тақырыбында ата-анаарға тренинг жүргізілді. 192 ата-ана қамтылды. Тренингте ата-аналар белсенділік танытып, пікір алмасып, тілек айтып, өз қырларын көрсете білді.

2. «Жасөспірімдердің физикалық психикалық денсаулығын нығайту» бағдарламасы бойынша 7,8,9 сынып оқушыларына дәріс оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Көңіл-күйіңді көтеріп,қуана біл!» тақырыбында дәріс өткізілді. Дәріске 8сынып оқушылары қатысты.

3. «Жаңа формациядағы педагог» тақырыбында ұжымға психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: мұғалімдер арасындағы қарым- қатынасты нығайту,жағымсыз көңіл-күйден арылу,күш-қуат жинау,өзін еркін сезінуге көмектесу. Тренинг өз мақсатына жетті кері байланыс болды.

4. «Менің қалауым- менің болашағым» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына тренинг жүргізілді. Мақсаты жеткіншектердің өзін-өзі тануын қалыптастыру, болашаққа нақты мақсат қоя білуге және өзіне деген сенімділікті нығайтуға бағыт беру. Ойларын еркін білдіре білуге дағдыландыру. 9 және 11 сынып оқушыларының болашақтағы қалауы мақсаты туралы пікір алмасу болды. Оқушылар өздерінің қалаулары туралы айтып, талқылау болды. Қабылдаудың зейіннің қалыптасу деңгейі жақсы екендігін көрсете білді. Ой ұшқырлығы, арманшылдықтары ерекше екенін көруге болады.

5. «Мен өмірді таңдаймын» тақырыбында 9 сыныптарға тренинг жүргізілді. Тренингке 38 қатысты. Өмір туралы қызығушылықтарын арттыру, болашақ өмір туралы пікір алмасу.

6. Ар-ұят құндылығы: «Отбасындағы ата-ананың рөлі» тақырыбында оқушыларға ата-анамен тілтабыса алу, тыңдай білуге шақыру.

7. Қамқорлықтағы оқушылармен үнемі байланыста болып кеңестер беріліп отырады.

8. Ерекше оқушыларға тұлғалық ерекшеліктерді дамыту жаттығулары жүргізілді. Жаттығуларға оқушылар өте жақсы атсалысып, белсенділік танытты.

9. 8-10 сынып оқушыларына «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықты болдырмау» тақырыбында мектеп инспекторымен кездесу өткізілді. Шараға 149 оқушы қатыстырылып, зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беріліп, зорлық-зомбылықтың адам ағзасына тікелей әсер ететіндігі түсіндіріліп, құқық бұзу қылмыс екені айтылды. Оқушылар тарапынан сұрақ қойылып, жауап алынды. арты тренинг-жаттығулармен жалғасын тапты.

«Мен- елімнің патриотымын» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында оқушыларға амандасу жаттығуынан кейін патриаттық сезімді оятуда сұрақ-жауап ойыны жүргізілді. Тренингке 25оқушы қатысты.

10. 4,9 сыныптарға «ББЖМ-ге оқушыларды психологиялық қолдау» тақырыбында психологиялық қолдау көрсетіліп, кеңестер ұсынылып, жаттығулар жүргізілді.

«ББЖМ-ға дайындалуда оқушыға қалай көмектесуге болады?» ата-аналарға психологиялық профилактикалық көмек ккрсетілді.

IV. Консультациялық бағыт бойынша:

Мақсаты: Педагогикалық – психологиялық сүйемелдеумен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, педагогтердің, ата – аналардың психологиялық сауаттылығын сақтау және нығайтуға бағытталған.

1. 5 – сынып және де 1 сынып оқушыларының жаңа буынға бейімделуіне ата-аналарына психологиялық кеңестер жүргізілді. Кеңестер жазылған брошюралар таратылды.

2. «Біз біргеміз» тақырыбында ерекше білімді қажет ететін оқушыларға беретін пән мұғалімдерінің қатысуымен жиналыс ұйымдастырылды. Жиналыста ЕБҚО ды мектеп психологтары ерекшеліктерімен таныстырып , мағлұмат беріп кетті. Мақсаты: Мұғалімдерге көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Мұғалімдер арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу

3. Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез – құлықтың алдын алу бағдарламасы негізінде оқушыларға жеке дара кеңестер беріліп жеке сұхбаттар өткізілді.

4.. Қорытынды аттестаттауға және емтиханға дайындық бойынша 9,11 сынып оқушыларына психологиялық кеңес берілді.

5. «Қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша қоз,алатын проблемалар» тақырыбында қыз балаларға тренинг-жаттығу ұйымдастырылды. Тренинг барысында тазалық, сыпайы қылық, жүріс-тұрыс туралы пікір алмасу болды. Жағымды пікірлер айтылды. Тілек айтумен өз мәресіне жетті.

6. Олимпиада оқушыларна «Сәттілік серік болсын» тақырыбында олимпиада оқушыларына тренинг-жаттығулар жүргізілді. Оқушылар тренингке

белсенділік танытып, ой жылдамдығы мен зейіннің тұрақтылығын көрсете білді.

2022-2023 оқу жылы бойынша:

Кеңес беру журналына тіркелген оқушылар саны- 11.

Кеңес алуға -2 ата-ана, 3 мұғалім келді.

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

Мақсаты: Білім алушыларға, педагогтерге, ата – аналарға арналған психологиялық көмекті ұйымдастыру арқылы жүзеге асыру.

1. 1-11 сынып білім алушыларына жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата-аналардан келісім алынды. Баланы психологиялық сүйемелдеу төмендегілерді қамтиды: психологиялық диагностика, консультация беру, тренингтер (жеке, топтық).
 2. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасайтын мамандарға психологиялық қолдау көрсетіліп, дәрістер жүргізілді.
 3. Бейімделуге байланысты 1-сынып, мемлекеттік емтихан тапсыратын 9,11 сыныптардың пән мұғалімдеріне психологиялық қолдау мақсатында әдістемелік көмек көрсетілді.
 4. «Жетістікке жету өз қолыңда!» тақырыбында 11 сыныпқа тренинг жүргізілді. Тренинге 17 оқушы қатысты. Оқушыларды мақсатқа жетуға өзін-өзі тануға ұмтылдыру.
 5. 1-11 сынып оқушыларына «Психологиялық көңіл-күй әлемінде», «Эмоция әлемі», «Мен және менің есімім» тақырыптарында психологиялық сабақтар ұйымдастырылды.
 6. «Жас маман алға бас қадам!» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Мақсаты педагогикалық ерекшеліктерін анықтау және дамыту. Тренинге 5 жас маман қатысты. Тренингтен жағымды әсер алып, пікір алмасу болды.
- VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер.**

1. I жарты жылдық бойынша атқарылған психологиялық жұмыстардың есебі аудандық білім бөліміне жіберіліп отырды.
2. Зорлық зомбылықтың және суицидтің алдын алу бойынша оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы мәліметтері уақытында аудандық білім бөліміне жіберіліп отырды.
3. Қауіпті сайттарға кірудің алдын алу, сенім поштасы бойынша психологтың сандық мәліметі аудандық білім бөліміне және мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына ай сайын көрсетіліп отырды.

Мектеп психологтары:

Матвеева
Викторья

Сарғұл Ж.К
Отебаева А.К



